

Л 2005
6643
14

Серік
АКСҰҢҚАРҰЛЫ

АДАМ АТА ·
ҺАУА АНА

Рұх кітабы



"ҚАЗАҚСТАН"



Серік АҚСҮНҚАРҰЛЫ

Адам Ата —

haya Ана

Рух кітабы

Алматы
“Казақстан”
2000

ББК 83.3 Каз
А 56

**БУЛ КИТАП ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ,
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК
МАҢЫЗДЫ ӘДЕБІЕТ ТІЗІМІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН**

АВТОР ОСЫ КИТАПТЫҢ ЖАРЫҚҚА ШЫҒУЫНА ҚОЛ ҮШИН
БЕРГЕН ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІГІНЕ, СОНДАЙ-АҚ
КОМПЬЮТЕРДЕ ТЕРИП, МАКЕТИН ЖАСАҒАН ҚАЗАҚ
ПОЭЗИЯСЫНЫң ЖАНАШЫРЫ, АЯУЛЫ АЗАМАТ БАҚЫТҚАЛИ
МУСАБЕКОВКЕ ШЫНАЙЫ АЛҒЫС СЕЗІМІН БІЛДІРЕДІ.

Редакторы *P. Рахымбеков*

Ақсұнқарұлы С.

А 56 Адам Ата – Һая Ана. Рух кітабы. – Алматы.
ЖШС – "Қазақстан" баспа үйі", 2000. – 432 бет.
ISBN 5-7667-5713-1

Дарынды ақын Серік Аңсұнқарұлының бұл жинағына бұрынғы өлеңдері-
мен қатар, жана жырларды да енді.

Серіктің жырларында дәуіріміздің келбеті ғана емес, жан дүниесі де
көрініп түр. Ақынның өлеңдерін оқып отырып, "жалған әлем, талайдан
қалған әлемнің" кейір қырларын сіз жаңа көріп отыргандай боласыз.

Келістіңе, көркем оймен өрілген өлең жолдары Серікке тән таби-
рилығымен тәнні етеді.

**A 4702250202 – 03 құлақтандырусыз, 2000
401 (05) – 2000**

ISBN 5-7667-5713-1

ББК 83.3 Каз

© С. Ақсұнқарұлы, 2000
© ЖШС – "Қазақстан" баспа үйі"

Басуға қол қойылды 14.02.2000. Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$. Қағазы оффсетті.

Гарнитурасы "Балтика". Шартты баспа табары 23,0.

Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №3290. Бағасы 488 теңге.

ЖШС "Қазақстан" баспа үйі"
480009, Алматы қ-сы,
Абай даңғылы, 143. 301-бөлме.

Берілген диапозиттегі сапасына толық сәйкес ҚР Мәдениет,
ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Республикалық
“Китап” өндірістік бірлестігінің баспаханасында басылды.

480009, Алматы қаласы,
Гагарин даңғылы, 93

1967 — 1987

ПУШКИНМЕН КЕЗДЕСҮ

Тарқамаған балалықтың базары,
Музა келіп ала берген мазаны.
Сәби едім. Сәби шерін қозғасын.

Өлеңменен ерте есейдім өз басым.
Александр жырларынан азалы
адамзаттың көрдім ашы көз жасын.

Оранып ап қыста... жылы көрпеге,
бала тәнім отты ойлардан өртене,
жаттым жылап көңілден бір күй кетіп.

Балалықты даналық кеп – күйретіп:
Ақын қаны тамған мұнды өлкеге
Музা мені алып кетті сүйретіп!

Көз алдымда зулап өтіп бар кескін,
Қиялымда қыршынымда-ақ қан кештім.
Мениң досым – досы барлық Пушкиннің.
Мениң досым – қасы барлық Дантестың!

О, МҰҚА, МЕН ДЕ ЖЕТИММІН...

*Жиыллып Жер шарының жетімдері,
Алдыңға Ақиқаттың бірігіңдері!
МҰҚАФАЛИ.*

О, Мұқа, мен де жетіммін!
Жетіммін мен де!
Басынан атташ талайдың секірдім мен де.

Туысым қайда?
Білмеймін түр – өңін оның...

Халқыма ғана сақтаған жүрегім –
орын!
Туған жоқ менде,
жоқ менде атанаң ұлы.
Жанымға маза бермейді ЖАҢАНЫМ мұны!

Көзіме ыстық құллі елдің балапандары,
Қандары бәлек адамның алақандары.
Жалғыз қайың ем қалтырап жасынды күткен...
Сол қолдар менің көзімнен... жасымды сүрткен!

Жүрегімде –
ұспіл-тоңғандар әні.
Өгіздей өрге сүйреп жүр сол қолдар
әлі...

Сиынып айтам көзімнен егілген жасқа:
ешкімім... жоқ қой, ешкімім –
елімнен басқа!
Еліме келіп панаlap,
жетілдім Жерде.
Себебі –
жетіммін мен де!

Ақиқат пенен адалдық – ұйып,
тынатыным.
Маяковский мен Есенин –
сүйікті ақыным.

Алысып...
Айқас-күреспен жетілдім Жерде.
Себебі –
жетіммін мен де!

Жендертер –
шошып дүние дүрбелеңінде
мені де, мейлі, қамасын түрмелеріне –
шығамын бұзыш!

Сан шептеп секіргенбіз біз,
себебі –
Жердің еркесі – ЖЕТИМДЕРМІЗ біз!

Нанымыз біздің –
Ашкөздің арандарында...

Қанымыз біздің –
Сенаттың алаңдарында
төгеліп жатыр!

Кекті көр келбетімдегі!
Азалы аэропорттар-ай, Жер бетіндегі,
жүректен Музам ұшуға билет алады:
Құрлықтар –
СЕНАТ АЛАҢЫ!

Жетейін Бауырларыма! Адамдарыма!
Жетімдер –
тұлға болатын заманға мына
айқасып жатыр сол СЕНАТ АЛАҢДАРЫНДА...

От бол кірейін жас толы жанарларына,
қызығыш құс болам – қапаста қамалғанына!!!.
СЕНАТ АЛАҢДАРЫНА
жеткім келеді,
қалуға бекіндім әрі,
 себебі –
Декабристер – жетімнің бәрі!

* * *

Фалия Ару, аяулы Перштем едің.
Серікке – серік болуга келіскен едің.
Бейіш дер едім өзінмен өткен өмірді,
Перштем едің кездескен бейіште менің.
Фалия Ару, аяулы Перштем едің.

Он сегіздең мазасыз кезімдей шынар,
кез келді-ау маған дәнбекшіп көз ілмей шығар.
Алатай жақта туғаның болмаса, жаным,
Кекшетаудағы Фалия өзіндей шығар?

Ойларым мені барады тығырыққа алып:
жүрсің бе менен бір жерде тығылып, талып –
кездесіп менен басқа бір Балуан Шолақ
Махаббат деген күресте жығылып қалып?

Фалия Ару, қайтейін, дір етер жаным...
Жаныңды сенің жаулаган кім екен жалын?
Махаббат деген күресте жығылған болсаң –
Балуан Шолақ әлі де тірі екен, жаным!

РОССИЯ. 1917 ЖЫЛДЫҢ КҮЗІ

поэма

Наш с вами анкеты начинаются одинаково:
1917 год.

И. СЕЛЬВИНСКИЙ.

О, уақыт!

Саған

17

бөлшіп ораламын –

тазарту үшін Тарихтың "АВГИЙ ҚОРАЛАРЫН!"

.....
Есімде сол бір ғасырдың жасыл шақтары;

андызда соғып ашулы дәүір ақпаны –

қасарып тұрып бір ЖАУАП күтті дүниеден

БЕЛИНСКИЙДІН ГОГОЛЬГЕ жазған ХАТТАРЫ...

Бұлдыр-тын онда осы өмір,

осы жол – көзге...

Сондағы ойлар қалайша қазір болды өзге?

МАРКСТЕР тұған немістің топырағынан

гитлерлерді... күткен жоқ әлем

ол кезде!

Тан қалам.

Кейде курсінің, қабақ шытамын:

таңданбай оқу – топастық –

Тарих кітабын!

Күн түспей Жерге, қарайып ғалам,

құлдыққа қөніп Анасы –

ОН ТОҒЫЗ ҒАСЫР қалай үйқтаған

ит жанды адам баласы?!

Онда да бар-тын осынау зенгір, жүпар кек:

"Құдыретті пенде құтырды:

"Құл!" – деп, "құтан!" – деп.

Әділдік қайда, әлемде мынау бар ма езі?

Қайдасын, Будда?!

Христос?!

Уа, Мұхамед ?!.

Адамдар тау мен тастарды аралап,

Сүйек боп көрде қурады...

Алақан жайып, аспанға қарап

аңсады ЖҰМАҚ туралы!.

Сол кезде сонау сапардан алыс... кешіккен
жолаушы құспал (данқынды құллі ел есіткен) –
Блоктың ПАЙФАМБАРЫНДАЙ болып бір күні
КОММУНИСТ – ФАСЫР,
СЕН кіріп келдің есіктен!

17 болып келдің СЕН.

Шашу – жолына!

Адамның ҰЛЫ БАСЫ мен АЛЫП ҚОЛЫНА

жалт қарады әлем!

Жаһан нәсері селдеді!

ПРОЛЕТАРИАТ –

ФАСЫРДЫҢ ПРОМЕТЕЙЛЕРИ!

Сүюге – құрбан!

Күюге тұған пенде еді:

МАРКСКЕ сенди –

Құдайға ғана сенбеді!

Тулады, фәни, шымырлап тарих толқыны.

Шалқымай өстіп ала алмас тыным ол тұбі!

ПАРИЖДЕ жатқан коммунар ұлдар

жамылған торқа – топырақ

дір еткен шығар сол күні...

ҚАНДЫ ЖЕКСЕНБІ –

күнпарақ бетін қан-жоса қылып кеткен-ді.

О, озбыр дүние!

Жетті енді!

ХАЛЫҚТЫҢ ҚАНЫ – ТАРИХТЫҢ ҚЫЗЫЛ

СИЯСЫ

жазады әлі жасампаз ұлы беттерді!

"Тарихты" ашсам – күйіп қаламын

дәүірдің көмген өртіне:

замана тұрды түйіп қабағын,

Дерт қосып алып дертіне...

Замана тұрды шалқып не тілде

тіл шығып, шіркін, мәз де еді.

Мұхиттың жүрді қалқып бетінде

тек қана –

ПАТША ТӘЖДЕРІ...

Түнекте сол бір дала ашты гүлін,
жасарды Жамбыл сүйіне...

Тұмандың сол бір адасты Бунин
Жете алмай туған үйіне –
РОССИЯҒА!

Тындаңдар бәрің болмысқа мынау болып тан,
басталсын жаңа жорықтар!
Дуэльде өлген Лермонтов келіп оқысын жырын,
тіріліп –
тындастын Обломовтар!

Музас РЕВОЛЮЦИЯ!
Күйкі дүниенің күрсіндір...
О, мұжық!
Бүгін қожана қарап бір сіңбір!
Гогольдің комедиясын көріп, фенидің құлді-кемеші
өзіне-өзі
сақылдаң тұрып құлсін бір!

О, Уақыт!
Саған
мен естіп жиі ораламын –
тазарту үшін Тарихтың "АВГИЙ ҚОРАЛАРЫН!"

Бас ием, менде ерік жоқ сен дегендे,
Болса еркім ессіз жандай сенделем бе?
Ханыша болсан да бас имес едім,
Махаббат жаһангері жеңбегендे!

Бас ием, өлең болып өрім кеуде,
қайтейін, сөгілгенде... өрілгенде?
Бас ием. Армандасым!
Қайран басым
иіліп көрген емес көрінгенге!

Бас ием. Бағындыра тұстің мені.
Бас ием. Табындыра тұстің мені.
Жалғанда жүргегіме жақын – Сенсің
адамнан жұмыр Жердің үстіндегі!

Бас ием махаббаттың мас... құрбаны
абдырап, ағар көзден жастың бәрі.
Жалғанда жүргегіме жақын – Сенсің
адамнан аспанымның астындағы!

Бас ием, менде ерік жоқ сен дегенде,
болса еркім ессіз жаңдай сенделем бе?
Ханыша болсаң да бас имес едім
Махаббат жаһангери жеңбегенде!

Бас ием. Басымды ием мен саған кеп,
кешпейтін күнөнді де кеше алам деп.
Өмірде бір әйелге бас имеген
еркекті мен ойлаймын есалан деп.

БУНИННІҢ МӘЙІТІ

Жасырды да толқынына бар ізін
ақты Үақыт.
Үақыт – ұлы дария.
Жұруші еді көшесінде Париждің
сексендегі қайғылы бір Қария.

Көрінбейді!
Қалды мұнды өлеңі,
бізге соның қайғы мұнын әкеліп.
Ғасыры оның қасыретке толы еді.
Ғұмыры да –
қасырет пен қателік!

Қанша тәнге қара таңба басылды!
Адам –
азап үшін өмір суре ме?!

Жаңа Үрпақ XX-шы ғасырды
қателіктің ғасыры деп жүре ме ?!

Қорқамын мен! –
Ішімде дерт көп өлген!
Жендермейтін жүргегімді зар-мұнға:
ең болмаса –
осы шерлі өлеңмен
ақталайын адамзаттың алдында..

Жасырды да толқынына бар ізін,
ақты Үақыт.
Үақыт – ұлы дария.
Жұруші еді көшесінде Париждің
сексендегі қайғылы бір Қария.

Ол – Шерлі Адам.
Париждегі досы – өлең.
Неткен сүмдық қайғылы еді сол Ақын:
адамдардан,
гаваньдардан,
көшеден
РОССИЯСЫН іздең жүрген болатын!

Атамекен, алыстағы құс үні
маза бермей адасқан сол Ақынға,
тоқтатып ап көшедегі кісіні
сұраушы еді Россия хақында...

О, Ресей! –
Аспандағы арай Күн,
нұр шуағы кеткен кезіп алабын.
Танертенгі газеттерді қарайтын
киоскісін шарлап бүкіл қаланың.

Келеді іздең...
Құмары әлі жүр қанбай...
Бауырларға –
шетелдегі,
біздегі:
“Отаныңды ұмытпа!” – деп тұрғандай
сол бір шалдың шырқ айналған іздері..

Сол бір іздер әлі жатқан секілді,
тариҳтың да тақсіреті тұр сонда:
Кешелерді,
Бүкіл мына Парижді
сел несерге шомылдырып тұрсан да –
өшпейді ол!

Кешіріңіз сіз мені,
оқырманым:
Отан – ҰЛЫ МЕКЕН ғой,
жат елдегі табаныңың іздері –
тәнге түскен қара таңба екен ғой!

Жат өлкеде жалғыз өзі жүр еді,
Кенет:
шалдың демі бітіп... тарылып –
әбден тозған қасіретті жүрегі
сағыныштан –
кеткен, – дейді –
жарылып!

Ей, жолаушы!
Жолың түссе Парижге,
Өмір бақи куә болам арыңа:
Ресейдің топрағынан
бір уыс
ала кетші түйіп орамалыңа!

Шетке шықсан бір елі
сезіледі жақының кім,
жатың кім...
Ала кетші топырақты киелі,
Сала кетші қабіріне Ақынның!

О, ОТАНЫМ!
Анам да – Сен!
Әкем де...
Сенсің – жырдың сүйегі мен тиегі.
Қаншама ұлың қалып қойған жат елде
Қайта оралмай топырағыңа киелі...

Қаншама ұлың...
Қаншама отты жасындар
сөніп кеткен жат жаһанда?
Түс, міне...
Тұған жердің топырағын шашындар
мұхиттағы МАТРОСТЬІН үстіне!

Мен оларды бермен ешбір патшана,
падишаңа!
Неткен ауыр наласы,
қай жерлерде,
қай мұхитта жатса да,
олар –
біздің ТОГЫРАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Жасырды да толқынына бар ізін
ақты Уақыт.
Уақыт – ұлы дария.
Жүруші еді көшесінде Париждің
сексендері қайғылы бір Қария...

Жүргегінде –
жүремін мен мәнгі өмір сүремін де.

Қыын екен қоштасу!
Бірақ, жаным,
оңай нәрсе бар ма еді бұл өмірде?

Жылаймын ба, құдай-ау, күлемін бе?
Өкініш бар өртөнген реңінде.
Жүргегінде –
жүремін мен мәңгі өмір сүремін де.

Жұмып алып көзінді, жүдедің де
сұңғіп кеттің тағдырың түнегіне.
Қолыңа ұстап оқып көр: менің атым
жазулы түр жаралы жүргегінде!

Жүргегінде –
жүремін бе, мәңгі. Өмір сүремін бе?
Ол – белгісіз! Әйтеуір, сенің атың
жазулы түр жаралы жүргегімде...

АЛТЫННЫҢ АРБАУ ЖЫРЫ

Алтын айтты: "Сатып алам!"
Болат айтты: "Тартып алам!"

А. ПУШКИН.

– Устінен аттап ұяттың, ақыл, арлардың,
адамның өзін азғырып сатып алғанмын!

Адам – кім?
Мен – кім?!
Білсек – айт: неде күш, пенде?
Қайтадан сатып жіберем –
ерегіскенде!

Жүр екенсің-ау кәріме жолықпай, мұлдем.
Пушкаңыз түгіл –
ПУШКИННЕҢ қорықпаймын мен!

Тістенбе босқа ерінді қыршып:
Елінді быт-шыт еткен – Мен!
Жерінді – быт-шыт...

Корықпаймын мен жыланның ордаларынан,
сүтегі,
атом,
нейтрон бомбаларынан!

Мені еске ал, пендем, шықса олар ойнақшып
алдан:
бәрін де соның ӨЗІММІН –
ойлас шығарған!

Патшалар – менің бәбегім.
Желкелеріңе
мініп алса да тиме сол еркелеріме!
Жендетке тиме –
Тиеді ызғарым, лебім:
Ойнастан туған ұлым – ол, қыздарым менің!

Солдаттар – менің құлдарым ер үстіндегі.
СОҒЫС ТӘҢГІРІ өзіммін Жер үстіндегі!

Өледі олар – мен үшін! –
Назалы немем,
сен үшін – Ақын, жетеді –
азалы өлең...

Солдат тәндері жүзімді бүркемелейді.
Өлген құлдарға өмірі құн төленбейді!!!

Сұлулар – менің қатыным!
Өсек пе, қалай?
Жүзік бол барсам жургізем тәсекке қарай...

Баһадұрден де қаймықпас
байқа түрімді –
Жерге де батыл айтамын –
айтатынымды:

" Қара жер! –
даймін –
о, менің қайран сарайым!
Дәуренім барда басымда – сайран салайын!"

Сұлуың ДЖОКОНДА МА?!

Кайтып көрейін?
Оның да құнын шотқа сап айтып берейін!

Мен –
АЛТЫНЫМЫН!!!

Бір көрсем деп ем мен сені болса егер, жаным, бас аман, тұлғанды мәрмәр еңсели талғампаз Тәңірі қашаған.

Шіркін-ай, жолым бола ма? Сен жүрген жұмбақ қалаға? Қалада – сен, мен – далада... Біраз жыл өткен арада.

Кезімнің алды теңіз боп, ернің шөлдеп, қаталап, қаңғырып кетсем сені іздең, Мекенсіз, жайсыз, Махаббат!

Жүйрікке зымыран мініп ап біткенше бойдан хал, күш те, ақсам-ау, шіркін, зымырап адасып тата-тал түсте.

Түкшірін шарлап қаланың таба алмай Сені әлі мен, автобустағы адамның сұрасам деймін бәрінен.

Елемей елдің кесірін, арманның айтып азасын, күллі елдің қағып есігін алсам-ау деймін мазасын!

Қаланың халқы елендеп айтса аңыз адам білмеген: "Ауылдан Серік деген кеп, Гашығын іздеп жүр!" – деген...

Кешеде қаңғып жур екем, жанымды сүмдар азаптаң. "Ромео әлі тірі екен!" – деп күліп жатса мазақтаң!

Қаланың көне сектасы – әйелдер анқау жандарша: "Кім екен Джулъеттасы?!" – деп шіркін сонда таң қалса!

Біреуі сонда асығып:
“Білеміз оны біз десе –
Асылы оның, ғашығы –
Ғалия деген қызы! – десе...”

Табамын!!!
Күә – түн, жұлдыз!
Қайтпаймың осы антымнан!
Ғалия деген күллі қызы
қорқады сонда даңқымнан!

Естісек Сен де бір күні
аңызды осы гулеген.
“Бір дәруіш келіп (күлкілі)
Ғашығын іздең жүр!” – деген.

Таба алмай сені,
құлаап та,
сүрініш... суға малтығып,
Қонақ үй дейтін жұмакқа
жетермін шаршап-шалдығып.

Тұрғанда шошып мен ертең
кейпімді келіп көрсөніз:
көзіме түсіп телефон,
есіме түссе – 09!

Тауып ап сонда таң атпай
Телефонның нөмірін,
атылған асау шараптай
аптығып кетсе көнілім.

Ғалия! Шерлі ділімде –
жанталас!
Қайтсем жетем-ау?
Осынау жердің түбіне
сандалып келген екем-ау?!

Не дейін?
Тамыр-тансыстан
естіп пе ен өсек гулеген:
Бір дәруіш келіп алыстан
ғашығын іздең жүр!” – деген.

Сол – менмін!
Шарлап қаланы
Сені іздең жүрмін өлі мен:
Автобустағы адамның
сұраған едім бәрінен.

Елемей елдің кесірін
жанымның айтып азасын,
күллі елдің қағып есігін,
мен едім алған мазасын!

"Ал, қош бол!" – дермін.
Тілсіздік.
Тағдырым іштен тындырып,
махаббат деген – Үнсіздік,
жүректе тұрар шыңғырып!

Шерімді естіп айтартмын.
Сонан соң өксіп өз басым;
ауылға қарай қайтармын
көзімнен ағып көз жасым...

Купелес елді еріккен
жан-куйім сонда мазалап:
– Келесің жылап неліктен?
Не болды, – десе – азамат?!

Үндемен.
Мылқау пақыр ем...
Осы елдің бәрі пейілі шат –
алғашқы маҳаббатымен
қоштасқан жылап мен құсан!

ШЕШІНБЕ, ӘЙЕЛ!

Осындағы зинақорлар үйін сыйырып жүрген
бір әйел дал-дұлы шығып жыртылған қағаз
тауып алышты. Құрастырып оқып көрсе, өлең
екен:

"О, өлең!
Қалам сенен несін бүгіп?
Басынан сайқал дауын кешір бүгін:
әйелдің сұлұлығын көру үшін
қажеті қанша оны шешіндіріп?!"

Бір ойдан бір ой туып,
есіл басты
дан қылып ӘСЕМДІККЕ есік аштық;
ұятпен киінген пәк СҰЛУЛЫҚТЫ
ұятсыз, шешіндіру –
есуастық!

Шешінбе!
Шешінбе өйел!
Есін кірсін!
Сені ерекек тек түсінде кешіп жүрсін,
Фажайып сымбатыңды тасқа құйып
тек қана –
мұсіншілер шешіндірсін!..."

* * *

Арман – жүргегім:
бір ұштың-ау көзден бұлдырап қайран күндерім.
Махабbat деген бейіште сайрап жур едім...
Жат ерекек сүйген кезінен, түнде жастыққа
жас ағып жататын шығар, қайдан білейін...

Назалы жарым,
ашамын қалай көнілдін аза-мұнарын?
Аз ғұмырында адасқан ғашықтар осы,
айрылысқан аққулардан да азалы, жаным!

Айнакел алыс бұл маңға.
Адасқан акқу керіп ем таныс бір манда:
Ғаламның қасіретінің бәрі түк емес,
Адамның қасіретімен салыстырғанда!

Сені іздең күнде көз тіктім Күншығысқа да.
Не көрдім? Маған қарашы! Күрсініп қара:
Кімдікі болса махабbat – сонықі өмір!
Қалғандардікі –
әншейін тіршілік қана...

"ҚЫЗЫЛАРАЙ" КОЛХОЗЫ. 40 ӘЙЕЛ... 4 ЕРКЕК

1944-тің күзі еді
Муза елі болатұғын –
муз елі...

Софыс келіп айналдырган тоз-тозға,
"Қызыларай" дейтін біздің колхозда
той бол жатты.

(Әлде менің түсім бе?)

40 әйел...

4 ерекек бар ішінде.

Той бол жатты.

Жалған сөздей бейне бір
таң қалмашы.

Өтірік сөз – маган жат.

Адам деген жылап жүріп,
кейде бір –
куле білген...

Неткен ғажап – адамзат!

Той бол жатты.

(Әлде менің түсім бе?) –

40 әйел...

4 ерекек бар – ішінде...

"Бұл немене?" – деме.

– Бұл не? Ода ма?!"

Той бол жатты.

Шарапсыз той бола ма?

Тығырыққа тіреліп,
осындаға тәндегі мұз бір еріп,
ол кезде жұрт жұтатұғын бөшкеден
ожауларын
малып-малып жіберіп!

Өмір сүріп жүрген сынды түсінде
бақыт үшін ішті,

қайғы үшін де!

40 әйел...

4 ерекек бар – ішінде.

"Бұл немене? – деме."

– Бұл не?

Ода ма?"

Той бол жатты.

Ән-куйсіз той бола ма?

Сұнқар жайлы ән айтылды – сенгісіз,
адам жайлы ақиқатқа бергісіз!

Жыл құстары қайтып жатты қанқылдаپ,
орала ма,
оралмай ма –
белгісіз...

Муза елі болатұғын –
мұз елі.
1944-тің күзді еді.

“Бұл немене? – деме.
“ – Бұл не?
Ода ма?”
Той боп жатты.
Әзілсіз той бола ма?
Не боп кетті сол құлқінің ақыры:
Әдіре қап кенет жүрттың шат үні,
шыдай алмай 36 әзілге
шырт-шырт сынды
4 еркектің қатыны.

Әлі есімде зіл-заласы көздегі
Төртеуінің
Сондағы айтқан сөздері:
“Қалай-қалай күлесіндер, әй, қарлар?!
Кесір шалған!
Жесір қалған сайқалдар!!!” –

О, сүмдық-ай!
Мынау неткен кесірлі үн?
Сонда бірі 36 жесірдің
айқай салды:
“ Тарт тілінді!
Ардағым –
оралады аспанымда барда Күн!
Соғыс кімнің шайқалтпаған шаңырағын?!
Соғыс кімнің жұтатпаған Арманын?!
Оралады Ардағым...

Тарт тілінді!
Қара Айдай көркіме!
Кім көнбейді Ару жанның еркіне?
Сырлы аяқтың сырлы кетсе –
сыны ма?!
Тие берме...

Тие берсең жыныма...
Ал, осыдан оралмаса күйеуім,
мына отырған 4 еркектің біреуін, –
(азар болса – атанармын бір бұзық!) –
алдаң –
арбап алам үйге кіргізіп ! “ –

Сол–ақ екен:
таптаң арды,
ұятты –
4 әйелдің 8 қолы тап берді
сол Мұнлыққа –
8 жылан сияқты!

Қара түнек қатып қалмас –
ашылар.
қара жүрек қай қылмысын жасырап?
Қайда қеткен ұлы Ұят!! Асыл Ап??!!
Сол 8 қол көз алдында түр әлі –
жұлып алған
8 уыс
шашы бар!!!

Күтуменен жалғап жүрген ғұмырын.
Құр қан-сөлсіз қурап біткен тірі гүл –
шыдамады мұны көрген жесірлер
жүрегі – бір,
тілегі – бір,
мұны – бір!

4 ерек ше?!

4 еркегің –
бір кісі,
бөлек-бөлек болғанымен түр-түсі.
Әсіресе, жынға тиген сондағы
осылардың жырқылдаған... құлқісі!

Атып тұрды күллі жесір – тірі гүл,
СОҒЫС деген Кесапаттың зілі бұл!
4 шолжыңға берсін бе енді намысын,
жүрегі бір,
тілегі – бір!
мұны – бір!

36 жесір –
қолы қуатты,
бәрі –
НАМЫС ҚҰРБАНЫ еді үятты.
Жатты жерде серен етіп 8 қол –
8 басты 8 жылан сияқты!

“Бұл немене? – деме.
– Бұл не?!
Ода ма!”
Ода болса о да жаман бола ма?!
О, адамзат!
Жазып бір күн кесірге
Тіл тигізбе ЖЕТИМ менен ЖЕСІРГЕ!

Мақтанатын сәт болады – мақтансақ.
Ақталатын сәт болады – ақталсақ.
Қайда әлгі ер парызын ақтар шақ?
Төрт еркегің арашалап ала алмай,
Төрт баладай шырылдаап жүр:
“АТТАН!!!” – сап...

Кигендері – Қызғаныштың шекпені,
Алаулап түр жесірлердің кекті өні!
Кенет...
Кенет 36 әйелдің
4 еркекке көзі түсे кеткені!

“Ей! Әйелдер!
Аруақтай бүрісіп,
қара – мына сорлылардың тұрысын!
Ермен бірге тозақ өртте жанбаған,
Төрт сайқалға ие бола алмаған...
Бара алмаған –
шакырғанда ҰЛЫ СЫН!

Өңкей ездер!
Еркектігің құрысын!
Не қалайсың бізден?!
Ләzzат?!

Күрмет пе?!

Кім –
сөндерді отырғызған сұндетке?!

Ей, әйелдер!
Өш алатын кез келді!

Сой ездерді!
Ар-ұяттан безгенді!
Саба –
мынау ошағына қамалып,
ОТАНЫ үшін өле алмаған ездерді!!!!

Сонау соғыс есінде әлі ӘЛЕМНІҢ.
Есінде әлі ӘЙЕЛДІҢ.
Умытылар ма сол бір зауал, сор қалың?
ӘЙЕЛ –
ӘЛЕМ.
Үні олардың –
ортақ үн.
Содан бері ЖЕТИМДІКТЕҢ қорқам мен,
содан бері ЖЕСІРЛІКТЕҢ қорқамын!

Соғыс келіп айналдырыған тоз-тозға,
"Қызыларай" дейтін біздің колхозда
әңгіме көп!
Аныз да көп –
сенгісіз!
Жауып еді жерді сыз.
Жыл құстары қайтып жатты қанқылда,
орала ма,
оралмай ма,
белгісіз! –

Муза елі болатұғын, мұз елі.
Қара суық қалтыратты тізені.
1944-тің күзі еді...

* * *

– Ұш! – дейді Уақыт сызырып томағасын,
фөнилік сапарыңды доғарасың.
Ертегі мен анызда айтатындей,
мынау жарық жалғанға қайта тумай,
сен де, иә, із-түзсіз жоғаласың.

Өзгереді әнір де не турге еніп,
Дауылана Уақыттың бетін беріп,
біз қalamыз көп жайды байқай алмай:
аққулар да кетеді қайталанбай.
Тәттімбеттің күйлері секілденіп!